

Ардақты ардагер, білікті заңгер



Жуырда өзінің 75 жылдық мерейтойын атап өткен Серікбай Шаймерденұлы Малтабаровтың облыстың заңгерлері арасында алатын орны ерекше. Ойы орамды, сөзі жүйелі, түсінігі терең судья қызмет еткен жылдары халық арасында үлкен құрметке ие болды. Біліктілігі жоғары маманның бойындағы қарапайымдылық пен адалдықты кіші буын әріптестері жоғары бағалап, үлгі алып келеді.

Абыройлы еңбек етіп, құрметті демалысқа шыққан Серікбай Шаймерденұлы бұл күнде аялы жары, балалары мен немере-шөбелерінің ортасында отырған аялы жан.

Серікбай Шаймерденұлы Қостанай облысының Таран ауданына қарасты Манатаз ауылында туған. Еңбек жолын қарапайым жұмыскерліктен бастап, Амангелді ауданының Бүйректал ауылында, кейін Таран ауданындағы «Знамя Советов» совхозында жүргізуші, түрлі жұмыскер болған. Адал еңбегімен елге абыройлы болған белсенді азамат Нелюбин ауылдық кеңесінің төрағасы болып сайланып, кейін «Знамя Советов» кеңсінде прораб және партком хатшысы болып қызмет атқарды.

1981 жылы Киров атындағы ҚазМУ-ды тәмамдаған ол Таран аудандық сотының халық судьясы болып сайланған. Бұл қызметте тоғыз жыл еңбек етіп, кейін аталған аудандық сот төрағасының орынбасары, бұдан кейін сот төрағасы болып тағайындалған.

Облыстың Жітіқара аудандық сотында, Лисаков қалалық сотында сот төрелігін жүзеге асырған Серікбай Шаймерденұлы Қарабалық аудандық сотында да төрағалық етіп, туған өлкесі Таран ауданының сотында құрметті демалысқа шыққанға дейін төраға болды.

Судьялар Бақытқұл Қадырова мен Майра Ергалиева Серікбай Малтабаровпен бірнеше жылдар жұмыс істеген әріптестері.

Бүгінде Қостанай қалалық сотының судьясы Бақытқұл Ысқақызы: - Мен 1985 жылы мектепті бітіріп, сот отырысының хатшысы болып жұмысқа орналастым. Сол кезде менің еңбек кітапшамда алғашқы жазбаны енгізген Серікбай Шаймерденұлы еді, - деп еске алады. Б. Қадырова мерейтой иесін өз ісіне нық ұжымда үлкен құрметке ие болған білікті басшы ретінде біледі.

Қызметтік жолында науқастануына байланысты бір де демалыс алмаған ардагердің денсаулығы зейнеткерлікке шыққан соң сыр бере бастаған. Алайда, белсенді өмірлік ұстанымы бар ақсақал осы күнге дейін Таран аудандық заң кеңесі орталығының адвокаты болып еңбек етіп келеді.

Өмірдің мәнін өзгенің бұзылған құқығын қорғап, әділдіктің жаршысы болудан тапқан ақсақал, жастарымыз қандай жағдай болса да адалдық жолынан адаспаса екен деген тілектестігін білдіреді.

Лаззат БАЙҒОЖИНА, Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

Сот жүйесі жетілдіріле түсуде

Қай елдің болсын, мемлекеттік құрылысының ажыратылмас бір бөлігі - сот жүйесі. Қазақстан Республикасы да егемен мемлекет атанған тәуелсіздік жылдарында сот жүйесінде маңызды өзгерістерді басынан кешіріп келеді. Әсіресе «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының қабылдануы, сот жүйесін реформалаудың маңызды кезеңіне айналды.



Атап айтқанда, соттар тәуелсіздігі мен судьялар мәртебесі орнығып, сот құрылымы мен сот өндірісінде түбегейлі өзгерістер жүзеге асты. Жоғарғы Сот пен облыстық соттар қайта құрылып, сот инстанциялары бес сатылы сот жүйесінен үш сатылы сот төрелігі жүйесіне көшу арқылы оңтайланды. Соттар мамандандырылды. Республикамыздың барлық аймақтарында мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттары, әкімшілік соттар, сонымен қатар көмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттар құрылды. Судьялар корпусының кәсібилігін көтеру арттыру үшін жаңадан тағайындалған судьяларға сынақ мерзімі, кадрларды іріктеудің мансаптық үлгісі, психологиялық сынақ, полиграфта тексеру еніп, судьялар кандидаттарының жұмыс өтіліне қатысты талаптар күшейтілді. 2000 жылы Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып сот өндірісіне ақпараттық технологияларды енгізуді бастады.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының екінші бөлігі «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету» деп аталады. Өзіміз көріп, байқап жүргеніміздей, осы маңызды құжатта алға тартылған міндеттердің іс жүзінде іске асырылуы оңды нәтижелерін беріп жатыр.

Осы орайда өткен жылдың аяғына таман Қостанай облыстық сотында Еуразиялық экономикалық одақ соты төрағасының орынбасары Жолымбет Байішевтің, облыстық және қалалық сот судьяларының, прокуратура, облыстық адвокаттар алқасының, Қостанай облысы бойынша мемлекеттік кірістер жөніндегі департамент өкілдерінің қатысуымен «Қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізуде халықаралық келісімдер нормаларын қолдану мәселелері» тақырыбында өткен семинардың маңызды болғандығын атап өтуге болады. Аталған семинар туралы газетімізде кезінде ақпарат берілген де болатын. Дегенмен осынау өзекті мәселеге айрықша ден қойып, оқырмандарымыздың назарын аудару кеткен артықтық етпес деп ойлаймыз.

Осы семинарда іс-шара модераторы болған азаматтық істер жөніндегі Қостанай облысы

сот алқасының төрағасы Владимир Долгих талқыланатын мәселелерге тоқталып, тақырыптың өзектілігін атап өтті. Соттардың істерді қарауы барысында халықаралық келісімдер нормаларын және Еуразиялық экономикалық одақ құқығын қолдану туралы Еуразиялық экономикалық одақ соты төрағасының орынбасары Жолымбет Байішев егжей-тегжейлі әңгімеледі. Оның мәлімдеуінше, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен шаруашылық субъектілер мүддесіне қатысты экономикалық мәселелер шешімін қарауда сот тек халықаралық келісімдерді басшылыққа алады. Сот құрамына әр мүше мемлекеттен екі судья бар, яғни, одаққа мүше 5 мемлекеттен он судья. Олар халықаралық құқық саласында жиырма жылдан астам уақыт жұмыс істеген, өз кәсібін меңгерген әр елдің өкілдері, ғылым докторлары.

Семинар барысында шешен шығарылған сот шешімдерінен мысалдар келтірді. Түрлі істерге тоқталу арқылы ол одақ сотының қызметін жан-жақты ашып, жұмыс істеуге тура келген халықаралық ұйымдар мен құжаттарды атап өтті. Сот шешімдері әдетте 80-100 парақтан тұрады. Сонымен қатар, әр судья іс бойынша көлемі сот шешімінен кем болмайтын ерекше пікір жазуға құқылы. Ерекше пікір заңгерлер мен құқық қорғаушылар қауымының пайдалануына жатады. Кейде бір шешім негізінде бес ерекше пікір жазылуы мүмкін. Себебі, Сот ұстанымдарының бірі сот талқылауының ашықтығы мен бейтараптығы. Әдетте, судья жазған ерекше пікір БАҚ-та жарияланады. Сондай-ақ сот шығарған барлық шешімдер де БАҚ-та және сайтта орналастырылады. Осыған орай, Ж. Байішев жергілікті сот судьяларына аталған шешімдермен жиі танысып тұруға, өз сот актілерінде халықаралық келісім нормаларына сілтеме жасауды ұсынды. Өткені мұндай шешімдер дәрежесі едәуір жоғары болады.

Осы басқомуда баяндама жасаған Қостанай облыстық сотының судьялары Сергей Нұров пен Мәдина Саламатова халықаралық құқық нормалары қолданылған істер бойынша статистикалық мәліметтерге тоқталып, істер

бойынша сараптама жасады.

Судья С. Нұров өткен жылы халықаралық нормаларды қолдану арқылы 360-тан астам азаматтық іс қаралғандығын атап өтті. Олардың басым бөлігі «Балалар құқығы туралы конвенция», «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция», «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты түбегейлі жою туралы конвенцияға» және «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактке» қатысты істер.

Әсіресе былтырғы жылы бұл бағыттағы жұмыстар жандандырылған, нәтижесінде халықаралық нормаларды қолдану арқылы қаралатын істер саны көбейе түскен. Нақты мысал келтірген судья Рудныйда науқас баласы бар әйелді коммуналдық борышын өтемегені үшін үйден шығару бойынша қаралған азаматтық істі атап өтті. Балалар үйінде тәрбиеленген азаматша әлеуметтік қорғалмаған топқа жататындықтан мемлекеттік қордан жалдамалы пәтер алған. Ал коммуналдық қарызы 5 мың теңгені құраған. Рудный қалалық сотының шешімімен аталған қарыз сомасы өндіріліп, үйден шығару туралы әкімдік шағымы қанағаттандырылмаған. Облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен бірінші сатылы сот шешімі өзгеріссіз қалдырылды.

Апелляциялық сот істі қарау барысында Рудный қалалық әкімдігі тарапынан қолданыстағы халықаралық және еліміздің заңнамаларын дәрекі бұзу фактісін ескеріп, сот алқасы Қостанай облысы әкімі мен прокуратура аталған заң бұзушылықты назарға алып, тиісті шара қолдану туралы жеке қаулы шығарды.

Судья М. Саламатова қылмыстық істер бойынша сот практикасынан полиция қызметкерлері тарапынан қорлық көрген Р. Байрамовтың ісін мысалға келтірді. Сот алқасы жәбірленуші пайдасына Қостанай облысы ІІД-нен моральдық залал өндірді. Іс Біріккен Ұлттар Ұйымына дейін жеткен көрінеді.

Сот жүйесін жетілдіру жайын әңгімелегенімізде, облысымыздағы жергілікті соттарда өткізіліп жатқан іс-шараларды алға тарта кеткен жөн. Мәселен, осы биылғы жылы Жангелдин аудандық соты құқық қорғау қызметінің процессуалдық негіздерін жаңғырту мәселелері бойынша семинар-кеңес өткізген-ді. Сот төрағасы Ж. Меттаев «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын жүзеге асыру аясында өтіп жатқан сот және құқық қорғау жүйесінің институционалды реформалардың негізгі бағыттарына

тоқталды. Атап айтқанда, былтырғы жылдың аяғында еліміздің қолданыстағы заңнамасына құқық қорғау қызметінің процессуалдық негіздерін әрі қарай жаңғырту аясында қылмыстық процесітегі азаматтардың құқықтарын қорғау ісін күшейтуді, оның әсіресе қатандығын бәсеңдетуді көздейтін нормалар енгізілді. Адвокаттардың құқықтары мен сотқа дейінгі сатыдағы сот бақылауының аясы кеңейді. Құқық қорғау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілік шегі айқындалды. Ағымдағы жылдың 10 қаңтарында республиканың барлық 14 облыс орталықтарында, Астана мен Алматыда мамандандырылған тергеу соттары құрылды. Тергеу соттары адамның және азаматтардың конституциялық құқық шектейтін барлық тергеу қызметі жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына біртіндеп беруді қамтамасыз ету арқылы сотта айыпталушы және қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуді көздейтін Ұлт Жоспарының 22-қадамын іске асыру мақсатында құрылды.

Одан әрі судья А. Қожаков қылмыстық процесінің негізгі жаңашылдықтарының бірі бұйрықтық іс жүргізу туралы баяндама жасап, бұйрықтық іс жүргізудің тәртібі мен мерзімдері туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

Кеңеске қатысушылар алдында аудан прокурорының міндетін атқарушы А. Кузбаев қылмыстық процес пен сот ісін жүргізуді цифрландыру мәселелері бойынша сөз сөйледі. А. Кузбаев кеңеске қатысушыларға «Электрондық қылмыстық іс» жобасының жүзеге асырылуына айта отырып, ақпараттық технологияларды енгізу қылмыстық процесінің ашықтығын арттыру, мерзімдерін қысқарту, сонымен қатар қағазды құжат айналымының шығындарын оңтайландыруды жүзеге асыратындықтан, құқық қорғау қызметінің процессуалдық негіздерін жаңғыртудың маңызды бөлшегі екендігіне тоқталды.

Кеңес барысында қатысушылар талқыланып отырған тақырып бойынша өздерінің ойларын білдіріп, баяндамашыларға сұрақтар қойды.

Жалпы алғанда, Қостанай облысының соттары елімізде кеңінен өріс алып жүргізіліп жатқан сот жүйесін жетілдіру жөніндегі бастамаларға дер кезінде мән беріп, бұл тұрғыдағы жұмыстарды жандандыра түсуге белсене ат салысуды өз міндеттері санайды. Мұны жоғарыда сөз болғандай іс-шаралардың өткізілуі және облыстық соттың баспасөз қызметінен редакциямызға келіп түсіп жататын ақпараттар растайды.

М. БАЙМЫРЗАҰЛЫ

Елбасы Жолдауының негізгі басымдықтарын түсіндірдік

Өткен бейсенбіде ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы академияның №1 дәріс залында 202-ші және 301-ші оқу топтары жетекшілерінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Президентінің биылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнер-кәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жыл сайынғы халыққа Жолдауын түсіндіруге арналған іс-шара өткізілді.

Жиынға Академияның ғылыми хатшысы, экономика ғылымдарының кандидаты полиция подполковнигі Қ. Жұмабаев шақырылды.

Іс-шара барысында курсанттарға ҚР Президентінің жыл сайынғы Жолдауының негізгі басымдықтары түсіндірілді. Полиция подполковнигі

Қ. Жұмабаев курсанттарға арналған жоғары білім беруді дамыту саласындағы негізгі бағыттарға тоқталды. Курсанттар 7-ші басымдық - Адами капитал - жаңғыру негізін талқылауға белсене қатысып қойған сұрақтарына тиісті жауап алды.

ҚР Президенті Жолдауының аясында оқу процесіндегі өзекті мәселелердің бірі - ақпараттық технологияларда оқыған және

жедел қызметтік жұмыстарды орындау барысында жасауды интеллектпен жұмыс жасайтын ІІО қызметкерлерін дайындау.

Қазақстан қоғамының идеалы айқындалды, ол – өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар Қазақстандық. Курсанттарымыз осыны айқын сезінгендей әсер алды.

К. ЖҰМАТОВ, ӘЖАТД кафедрасының оқытушысы полиция майоры

Академиядағы әсерлі кездесу

Жақында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына Қостанай жоғары мектебінің бұрынғы басшысы, ҚР ІІМ танымал қызметкері, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, құқықтану доценті, ішкі қызмет генерал-майоры Талап Қабденұлы Қабденов қонаққа келді.



мектебіне оқу орнының Туы табыс етілді.

Талап Қабденұлы Қостанай қаласына қашанда жол сапарымен келсе өзі басқарған оқу орнына соқпай кетпейді. Өйткені аталмыш оқу орнының ұжымын, өзі біршама уақыт басқарған мекемені ұмыту мүмкін емес екендігін қашан да айтып жүреді.

Ішкі қызмет генерал-майоры Талап Қабденұлы Қабденовтің басқару жылдарында оқу орнының материалдық-техникалық базасы құрылды және жақсарды, мектеп қалаға орын ауыстырды, оқу процесі, ғылыми процесі жетілдірілді.

Жалпы сол уақытта академия тарихында екі ірі тарихи оқиғар атап өтілді. Олар: 1997 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген ҚР ІІМ Қостанай жоғары

бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов өз орынбасарларымен салтанатты түрде генерал пәрменімен қарсы алды.

Ішкі қызмет генералы Талап Қабденов басшылық құраммен кездесіп, өзінің ақыл-кеңесімен, мол тәжірибесімен бөлісті.

Мен басқарған жылдары жоқтан бар жасайтын едік. Ал қазір заман басқа, бәрі бар. Академияның сыртқы-ішкі көрінісінің әдемілігі керемет көз тартады. Курсанттарының да жүріс-тұрысы өзгерген, өте мәдениетті. Оқу сапасы да көңіл қуантарлық. Дегенмен әлі де атқарылатын ұжымдық жұмыстардың көпекенін түсінемін. Мен Сіздерге осы атқарып отырған жұмыстарыңызға сәттілік

тілеймін, - деді Талап Қабденұлы.

Қадірменді қонақтың ізгі тілегінен, ақыл-кеңесінен кейін Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов академияның тыныс-тіршілігімен етене таныстырып, болашақта атқарылатын жұмыстарды алға тартты.

Шырақбек атамызға қойылған ескерткіштің тарихымен таныстырып, Академияның мұражайын аралатып, ішіндегі құнды жәдігерлерді тамашалатты.

Кездесу соңы естелік фотосуреттерге түсумен ұласты.

М. ОСПАНОВ,
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев
атындағы
академияның баспасөз
хатшысы



Сот мәжілісі хатшысының сотта іс жүргізуді ұйымдастыру рөлі

«Сот үкімі» - осы сөз тіркесінде қаншама мән жатыр. Сот үкімі айыптаушы не ақтаушы бола алады. Үкім шығару – бұл бір кісілік емес алпауыт іс. Қылмыс жасалғаннан бастап үкім шығарылғанға дейін тергеу, прокуратура, одан да басқа сала қызметкерлерінен, соның ішінде сот мамандарынан тұратын біршама адамдар тобы әрекет етеді, солардың ішінде сот төрелігін іске асыруда судьяға қолғабыс болатын бас маман - сот мәжілісі хатшысының қызметіне тоқталып өткен жөн.

Қостанай облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір мамандандырылған соттарын құру және тарату туралы» Жарлығымен құрылған.

Хатшы қылмыстық істің нәтижесіне мүдделі емес, сот отырысының хаттамасын жүргізетін мемлекеттік қызметші болып табылады. Аса ауыр қылмыстар жөніндегі сот хатшысының жұмысы қиын, көп қырлы бола тұрса да, қызық болып келеді. Бастапқыда сот процесіндегі хатшының қызметі көзге көрінбейтін, тек сот процесіне қатысушылардың іс-әрекеттері мен түсініктемелерін жазып, хаттама жасаушы болып көрінгенмен, шын мәнінде сот процесінің тиісті түрде ұйымдастырылуы оның мойнына жүктелгенін аңғаруға болады.

Хатшы жұмысындағы ең басты мәселе – сауаттылық ережелерін сақтай отырып, ауызша сөзді қағаз бетіне лезде аударып, сөйлемді дұрыс құрастыра білу. Хаттаманың толықтығын қамтамасыз ету үшін сот отырысының хаттамасына қосылып, іс материалдарымен бірге сақталатын цифрлы бейне-, дыбысжазба

және стенография құралдары да қолданыла алады (ҚР ҚІЖК 347-1 б.). Хаттаманың негізінде жоғарыда тұрған сот сатылары нақты істердің сот талқылауын қадағалап отырады. Атап айтқанда, оған алғашқы сот сатысы сот төрелігін іске асыру қағидаларын сақтағанын, соттың ақырғы тұжырымдарына ықпал ете алатын іс жүргізу бұзушылықтарына жол берілмегенін қадағалау жатады.

Хаттама сот отырысы аяқталған күннен бастап бес тәуліктен соң әзір болып, оған төрағалық етуші мен хатшының қолдары қойылуы тиісті. 2013 жылғы қаңтар айында Қостанай облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьялары Қазақстан Республикасы Қылмыстық-іс жүргізу кодексі 347-бабына сәйкес, сот отырысы хаттамасын әзірлеу мерзімі он күнге ұзартылып, хатшыларға сот отырысының хаттамаларын тек мерзімін ғана сақтап қоймай, сапасын да сақтай отырып әзірлеуге мүмкіндік берілсін деген ұсыныс жасады.

Аса ауыр қылмыстар жөніндегі соттың мәжіліс хаттамасының қиындығы сот процесіне іріктеу кезіндегі саны жүзден жүз елуге дейін баратын, ал сот процесіне небәрі он негізгі және екі қосалқы алқабидің қатысуына да байланысты болады.

Сот отырысы хаттамасының мазмұнына қарап жоғарыда тұрған сот шешім қабылдауға негіз болған барлық мән-жайлар іс жүзінде зерттеліп келгенін анықтайды. Сот отырысының хаттамасы басқа дәлелдемелермен қатар бағаланады, сондықтан сот мәжілісі хатшысының процесс кезіндегі сапалы еңбегі асқан маңызға ие, себебі, адам тағдыры талқыға салынып отыр.

Сот отырысында төрағалық етуші хатшыдан процесске қатысушылардың

келген-келмегендерін баяндауын сұрайды, бұған хатшы іс бойынша шақыртылған адамдардың қайсысы келгенін, келмеген адамдардың хабардар етілуі және олардың келмеген себептері жөніндегі мәліметтердің бар-жоғын баяндайды, қылмыстық істерді рәсімдейді, сот актілерін жібереді, сонымен қатар іс жүргізу нұсқауына сәйкес көптеген өзге қызметтерді атқарады.

Маман «ҚР мемлекеттік қызметшісінің этикалық кодексіне» сәйкес, азаматтармен өзін әдепті ұстап, шағым түсіруді болдырмау мақсатында олардың сұранымдарына уақтылы жауап беруге, өзінің және өзге азаматтардың тарапынан жемқорлық көріністеріне жол бермеуге және оларды тоқтатуға тиісті.

Хатшының дұрыс ұйымдастыра білген жұмысына, оның жауапкершілігі, сауаттылығы, адал еңбегі мен ұқыптылығына соттың жұмысы мен абырой-беделінің жоғары болуы да байланысты болады.

Көптеген судьялар өз еңбек жолдарын сот ісін жүргізудің қайнар көзі - сот маманы ретінде хатшылықтан бастағандары да мәлім.

Билік тармақтарының бірі болып табылатын сот жүйесіне қосар үлесі мол болып келетін Қостанай облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының хатшылары өз міндеттеріне ыждағаттылықпен, елгезектілікпен әрі жауапкершілікпен қарайды, ал бұл, өз кезегінде, Қазақстан Республикасының сот жүйесінде маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Қостанай облысының
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық соты



Жас судьялар сайысқа түсті

Қостанай облыстық сотында жас судьялар арасында құқықтық турнир болып өтті.

Іс-шара жаңа интерактивтік оқу түрлерін насихаттау, судьялар қауымдастығының біліктілігі мен креативтігі, қәсіпқойлығын көтеру, шешендік өнерді дамыту мақсатында ұйымдастырылған болатын. Оған еңбек өтілі 5 жылға дейінгі жас судьялар қатысты.

Турнирді ашқан азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Владимир Долгих құқықтық турнирдің маңызына тоқталып, қатысушыларына сәттілік тіледі.

Талантты құқық білгірлерін біріктірген іс-шараға Қостанай қалалық сотының судьяларынан құралған «Фемида» командасы мен Рудный қалалық сотының жас судьяларынан жасақталған «Законность и справедливость» командасы қатысты.

Бес түрлі сайыстан тұрған турнирді В.Долгих төрағалық еткен, Ж.Жайлабаева, Г.Исмаилова, Г.Зинина, Г.Сейдахметова сынды Қостанай облыстық сотының судьяларынан құралған әділқазылар бағалады.

Барлық сайыстар ерекше дайындығымен дараланып, сықақ түрінде қойылған нөмірлер әуенді өтті.

Сайыс қорытындысы бойынша «Фемида» командасы жеңіске жетті.

Іс-шара соңында жеңімпаздар мен турнирге қатысушыларды марапаттау рәсімі өтті.

Қостанай облыстық сотының
баспасөз қызметі



«Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік» акциясы

Ағымдағы жылғы 20 ақпанда «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік», «Қадағалаусыз» ЖПШ акциялары шеңберінде Қостанай ст. ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Ж.У. Мамбетов пен әкімшілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалының кеңесшісімен бірге Қостанай станциясындағы темір жол вокзалында азаматтарды қабылдады.

Сондай-ақ аталған іс-шара теміржол көлігі объектілерінде балалардың жарақат алуынан сақтандыру, қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатын да көздеген болатын.

Аталған профилактикалық іс-шарасының барысында азаматтарға әкімшілік заңнамасы бойынша заңгерлік кеңестер беріліп, әкімшілік заңнамасындағы өзгерістер жеткізілді, сондай-ақ, ұялы телефондарды ұрлау, теміржолдарында жүру ережелері туралы профилактикалық брошюралар дайындалып, қызығушылық туғызатын мәселелер бойынша жауаптар беріліп, теміржол көлігімен бара жатқан азаматтарға дауыс зорайтқыш арқылы профилактикалық сипатындағы ақпарат оқылды.

Қостанай ст. ІІЖБ ӘПБ ЮПТ